

*Н. Жанхан, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАН АДАМДЫ ҰСТАУ КЕЗІНДЕ ЗИЯН КЕЛТІРУДІҢ ЗАҢҒА СӘЙКЕСТІГІН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Заң шығарушы қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіруді іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар ретінде қарастыра отырып, бір мезгілде ұстауды жүргізетін адамның әрекетін қанағаттандыру тиіс бірқатар талаптарды бекітеді. Мұндай шарттарды екі топқа белуге болады. Бірінші топты ұстаудың заңға сәйкестігі шарты құрайды: нақты қылмысты жасауы, тікелей қылмыскерді ұстау, ерекше мақсаты және дер кезінде. Екінші топты ұсталатын адамға келтіретін зардаптың заңға сәйкестігі шарты құрайды: айқын бағыттылығы, зардап келтіруге мәжбүр болу және ұстау үшін қажетті шектен шығушылықтың болмауы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 33-бабының 1-бөлігіне сай адамды ұстаудың бірінші шартының заңға сәйкестігі нақты қылмыс жасаған адамның ғана ұсталуы мүмкін екендігін айқындайды. Басқа құқыққа қайшы әрекеттер (Қазақстан Республикасы ҚК 9-бабының 2-бөлігінде көрсетілген елеулі маңызы жоқ қоғамдық қауіпті емес іс-әрекет, азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе тәртіптік қылықтар) Қазақстан Республикасы ҚК 33-бабы бойынша ұстау үшін негіз болып табылмайды.

Екінші шарттың маңыздылығы белгілі бір адамның нақты қылмыс жасағандығы туралы жеткілікті дәлелдемелер бар болған жағдайда ғана ұстау шарасы қолданылатынын айқындайды. Мұндай дәлелдемелер болып, бірінші кезекте, ұстау шарасын жүргізетін адамның жасалған әрекетті, ұсталатын адамды немесе оның киімінде қылмыс жасағандығы туралы қылмыстың анық ізін жеке өзі бақылауы және қабылдауы, көрген адамдар және жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тура көрсетуі болып табылады.

Ұстаудың заңға сәйкестігінің үшінші шарты Қазақстан Республикасы ҚК 33-бабының 1-бөлігіндегі диспозициясында бекітілгендей, қылмыс жасаған адамды оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қылмыс жасау мүмкіндігін тыю мақсатында жүзеге асыру болып табылады.

Жаңа қылмыс жасау мүмкіндігін тыю адамның қылмыстық еркіндігін бейтараптандыруды шамалайды, мысалы оны байлау нәтижесінде ол қылмысты жалғастыру немесе жаңа қылмыс жасау мүмкіндігінен айырылады¹.

Біздің ойымызша, қылмыс жасаған адамды ұстау әрекеті қылмыскер тиісті органға жеткізілмеген жағдайда да заңға сәйкес болуы тиіс. Себебі заң міндетті түрде осындай мақсатқа жетуді көздейді.

Егер де қылмыс жасаған адамды ұстау басқа бір мақсатта (тергеусіз сот, қарсылық көрсеткені үшін кек алу, өкпелі болу сезімі, тіл тигізгені үшін ызалану, билік өкілінің өкілеттігі жоқ адамның қылмыскерді құқық қорғау органына алып келуі) жасалса, онда ол құқықтық сипатын жоғалтады, ал осындай ұстау әрекетін жүргізген адам жалпы негізде қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қылмыс жасаған адамды ұстау барысында зиян келтіру қара бастың қамына айналып кетпеу керек. Бұл мақсат емес, ұсталатын адамның қашып кетуіне кедергі жасау немесе қылмысты тергеуге кедергі келтіруді жою құралы². Мұндай жағдайда қылмыс жасағаны үшін ұсталатын адамның қылмыстық жауаптылықтан жалтару мүмкіндігін айыру қажет, ал ұстау кезінде келтірілетін зиян осы мақсатқа жету құралы болып табылады³.

Л. Н. Смирнованың ойынша, қылмыскерді құқық қорғау органдарына жеткізудің мұндай мақсаты «міндетті белгі болып табылады, себебі зиян келтірумен ұштасқан әрекет қылмыстық заңнама тұрғысынан ақтала алмайды және келтірілген зардапқа байланысты қылмыс ретінде қарастырылуы мүмкін», ал ұсталатын адамның жаңа қылмыстар жасау мүмкіндігін

тью — «факультативті белгі» ретінде қарастырылады⁴. Дегенмен де, негізгі және факультативті мақсаттарын бөлу біздің ойымызша негізсіз.

Алайда өмірлік жағдайда қылмыскерді ұстайтын адам көрсетілген әрекеттерді қолдануға ниеттенбегендіктен қылмыс жасаған адам құқық қорғау органына жеткізілмейтін жағдайларды да жоққа шығармау керек. Мұндай жағдайда қылмыскерді ұстау заңға сәйкес пе? Осы тұрғыда С. В. Пархоменконың қылмыскерді ұстау мақсатының көп салалығы және осы жағдайға байланысты қылмыскерді ұстау субъектісінің осы мақсатқа жетудің біреуіне ғана қол жеткізудің құқыққа сәйкестігін негіздеу тұрғысындағы дәйектері заңды⁵. Осыған орай, С. В. Пархоменко ұстау және алып келу актісі заңды міндеті болып табылатын ұстаудың арнайы субъектісіне қатысты «мемлекеттік органдарға жеткізу» ескертпесін сақтау жөнінде пікірін білдіреді⁶.

Қазақстан Республикасы ҚК 33-бабының 3-тармағындағы көрсетілген норма, заң шығарушы ұстау әрекетін жүзеге асыратын азаматтың, егер қылмыскер қауіпті болмаса мәдениетті түрде құқық қорғау органына беру қажеттілігінен туындайтын барлық адамдарды (бірінші кезекте азаматтарды) көрсетті. Көп жағдайда бұл аса қиындық туғыза қоймайды (мысалы, телефон арқылы полиция жасағын шақыру).

Қылмыс жасаған адамды ұстаудың заңға сәйкестігінің соңғы шарты оның дер кезінде іске асырылуы. Қылмыскерді ұстау тек аяқталған қылмыстан кейін емес, аяқталған немесе аяқталмаған оқталу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ҚК 24-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көрсетілген ауыр немесе ерекше ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін де жүргізілуі мүмкін.

Зиян келтірудің заңға сыйымды шарттарына заң шығарушы келесілерді жатқызады: анықталған бағыттылығы («қылмыс жасаған адамға зиян келтіру»), қылмыс жасаған адамды ұстау үшін зиян келтірудің қажеттілігі, мәжбүрлігі, (егер де мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса (яғни «залалсыз»)), ұстау үшін қажетті шектен шығушылық болмауы («осы үшін қажетті шектен шығушылыққа жол берілмесе»).

Зиян келтірудің қажеттілігі туралы мәселелерді және ұстаудың қауіпті емес амалын қолдану мүмкіндігінің бар-жоқтығын әрбір нақты жағдай бойынша істің жағдайына қарай, жасалған қылмыстың қауіптілігін, ұсталатын адамның жеке тұлғасын, оның күші мен қолданытын құралын, онымен көрсетілген қарсылықтың дәрежесін және басқа да жағдайларды ескере отырып, тергеу және сот органдары шешуі тиіс.

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралар шегінен шығушылықты заң шығарушы анық ұстау шараларының сәйкес келмеуі ретінде қарастырады: 1) жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі; 2) ұстаудың жағдайы.

Сондықтан қылмыскерді ұстауға қабылданатын шаралар қол сұғушылықтың жағдайын сипаттайтын ұстаудың барлық белгілерінің (қылмыскермен көрсетілген қарсылықтың тәсілі мен қарқындылық дәрежесі, ұсталатын және ұстауды жүзеге асыратындардың саны, олардың психофизиологиялық және дене бітімі деректері, қарудың болуы, ұстаудың орны мен уақыты, басқа да ұстаудың жұмсақ және қауіпсіз тәсілдері мен амалдарын қолдану мүмкіндігі) жиынтығына сәйкес болуы тиіс.

1 Иванов Н. Г. Уголовное право России. Общая и Особенная части. — М., 2000.

2 Берестовой Н. П. Обстоятельства, исключющие общественную опасность и противоправность деяния, и их значение в деятельности органов внутренних дел. — М., 1989.

3 Бушуев Г. В. Социальная и уголовно-правовая оценка причинения вреда преступнику при задержании. — Горький, 1976.

4 Смирнова Л. Н. Теория и практика задержания лица, совершившего преступление, с причинением ему вреда: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Томск, 2003.

5 Пархоменко С. В. О недостатках уголовно-правовой регламентации причинения вреда при задержании // Закон и право. — 2004. — № 6.

6 Сонда.